

«Отбасы – бақыт мекені» Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының №1 дәрісі 10.11.2023ж



№75 жалпы білім беретін орта мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы өз жұмысын бастап, қараша айында алғашқы дәрісін өткізді. Ата-аналарға түрлі форматтағы тренингтер ойнатылып, бақытты отбасы қандай болу керек? Деген сұрақ төңірегінде ой бөлісіп, та-аналарға қолдау орталығығың жұмысы туралы түсіндірілді.

Дәрісті жүргізген: Шамуратова Б.
Жайманова Г.



Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының №2 дәрісі

17 қараша Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының #2 дәрісі өтті. “Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, естірте білу” тақырыбындағы дәрісте ата-аналар жеке, топтық жұмыстар жасап, өздерінің креативті ойларын ортаға салды. Дәрісті жүргізген: Жумағалиева Ш. Таңатар М.



https://www.instagram.com/reel/CzyYgMhsXCP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Әрбір бала – жарық жұлдыз»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының дәрісі. 1-4 класс.
26.12.2023ж

26 желтоқсан күні мектебімізде ата-аналарды қолдау орталығының “Әрбір бала-жарық жұлдыз: оны қалай ашамыз?” тақырыбында кезекті сабағы өтті. Мақсаты: бала темпераментін анықтап, олардың ерекшелігін ашып, қолдай білуді үйрену. Ата-аналарға баланы қалай қолдау, баланың қызығушылығымен бірге болу, баланың ойын тыңдау туралы кеңестер берілді.

Өткізген: Кемалова О
Жылқыбаева К.



https://www.instagram.com/reel/C1XE3D0MjLK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Баланы жастан...»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының дәрісі. 1-4 класс.

Мектебімізде ата-аналарды қолдау орталығының қаңтар айындағы кезекті дәрісі "Баланы жастан... Баланың тапқырлығы мен ептілігін қалай дамытамыз?" тақырыбында өтті. Тақырып аясында ата-аналармен ашық әңгіме, ой бөлісу, пікірлесу жұмыс түрлері ұйымдастырылды. Баланың икемділігін, ептілігін қадағалау, оның әрі қарай дамуына ықпал жасау, ата-ана тарапынан қолдау түрлерін дәріс жүргізген жетекшілеріміз әртүрлі форматтағы ойындармен көрсетті. Ата-аналар белсенді қатысып, бала тәрбиесіне деген жауапкершілікті сезінгендерін ортаға салды.

Өткізген: Бастауыш класс мұғалімдері Оспанова А.
Исмагулова А.Б.



https://www.instagram.com/reel/C24sqYbMLu8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

«Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының дәрісі. 5-11класс.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жоба жоспарына сәйкес кезекті «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңның жүрегіне кілт табу» атты дәріс өткізілді. Шара барысында отбасындағы балаға деген мейірімділік, оның бойына сенімділікті қалай ұялату туралы сөз қозғалып, «Менің балам..» «Тиым сөздер» тренингтері ойнатылды.

Өткізгендер: Абубакирова Ү.
Таңатарова А.



https://www.instagram.com/reel/C4L4J_csxMS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Бұлақ көрсең, көзін аш!»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының дәрісі. 5-11класс.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының кезекті дәрісі наурыз айының 19-күні өткізілді. Дәріс барысында балаға тиым салу қаншалықта қажет, немесе баланың ойымен келісу керек пе? деген сұрақтарға ата-аналар өз ойларын ортаға салып, балаға тәрбие беруде ата-ананың жауапкершілігінің өте маңыздылығы қозғалды. Бала бойындағы өнер, шығармашылықты көре білу, оған қолдау көрсету міндетіміз деп аяқтады.


Дәріс өткізген:
Ибраева Ж.К
Ақжігіт С.Б.



«Әр нәрсенің өлшемі бар ...»

«Керек және қалаймын арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру»
Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының дәрісі. 5-11 класс.

Бүгін 2024 жылдың 12 сәуір күні мектебімізде орта және жоғары буын кластары бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының “ Әр нәрсенің өлшемі бар” “Керек” пен “Қалаймын” арасындағы тепе- теңдікті ұстап тұру” тақырыбындағы сәуір айындағы кезекті дәрісі өткізілді. Шара барысында бүгінгі күнгі балалар психологиясындайғы керек, қалаймын сөздерінің маңызы, оның қолдану күнделікті өміріміздегі кездескен жағдайдағы балаға берер жауабымыз туралы айтылды. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Кармысова ата-аналарға білім алушылардың жыныстық тәрбие бойынша онкүндік шаралары аясында “Психологиялық қауіпсіздік” тақырыбында балалардың қауіпсіздігі туралы ақпарат беріп өтті.



https://www.instagram.com/p/C5rEb1To4tZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасының дәрісі. 1-4 класс.

2024 жылдың 11 сәуір күні мектебімізде бастауыш кластар бойынша “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының “ Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер. Үлгі болу арқылы тәрбиелеу” тақырыбындағы сәуір айындағы кезекті дәрісі өткізді. Шара барысында ата-ана балаға үлгі болатындығы, бала алдындағы ата-ананың жауапкершілігі туралы пікірлесу жүрді.

Жүргізген: Омарпатшаева А.
Мұхамеди Қ.



https://www.instagram.com/reel/C5oZmJNMmsQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==